

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 72 (9134) | 1953 жылғы 8 апрель Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйым

МОСКВА

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне

Қазақстан комсомолының VI съезінің делегаттары республиканың комсомолдері мен барлық жастары атынан Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне жалынды комсомолдық сәлем жолдайды!

Бүкіл совет жастары сыяқты, республиканың жас жігіттері мен қыздары да ұлы көсеміміз және ұстазымыз, сүйікті әкеміз Носиф Виссарионович Сталинмен қоштасып, бұдан былай да аруақытта даңқты Коммунистік партияның сенімді және табанды ұл-қыздары болуға, Советтік Отанның жалынды патриоттары болуға, өзінің бүкіл өмірін коммунизм орнатудың ұлы ісіне, Ленин — Сталин ісіне арнауға ант берді.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқан біздің қуатты совет халқы Ленин мен Сталин ұйымдастырып, ұрыстарда шыныққан Коммунистік партияның бастауымен өзінің күшіне берік сеніп, өзінің барлық күші мен творчестволық жігерін коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмсай отырып, Лениннің данышпандығы, Сталиннің данышпандығы көрсеткен даңқты жеңіс жолымен батыл алға басуда.

Партияның XIX съезінің директиваларын орындай отырып, Қазақстанның жастары республиканың бүкіл еңбекшілерімен бірге сталиндік бесінің бесжылдықты ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысқа белсене қатынасауда.

Өскемен су электр станциясын, Сталинград Бас каналын сызда, көмір, мұнай, түсті және қара металдар өндіруді арттыруда біздің сүйікті Советтік Отанымыздың жас патриоттарының да қажырлы еңбегінің үлесі бар.

Ауыл-селоның жас еңбекшілері ауылшаруашылық дақылдарының өнімін бұдан былай да арттыра беру, мал басын көбейтіп, қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы еуреске жаңғырарлықпен қатынасауда, табиғатты қайта өзгертуге белсене қатынасауда.

Жүз мыңдаған жас жігіттер мен қыздар мектептерде, тех-

никумдар мен жоғары дәрежелі оқу орындарында білімді ойдағыдай меңгеруде.

Советтік Қазақстанның комсомолдері мен комсомолжандары, барлық жас жігіттері мен қыздары еңбек пен оқудағы өздерінің табыстары үшін, өздерінің бақытты және қуанышты өмірі үшін коммунистердің ұлы партиясына, Ленин — Сталин партиясына борышты екендігін жақсы біледі.

Қазақстан комсомолының VI съезі сын мен өзарасын өріс алған жағдайда, барлық комсомол ұйымдарын олардың жастарға коммунистік тәрбие беру жөніндегі бүкіл жұмысын барған сайын жақсартып беру күресіне жұмылдыру ұранымен өтті.

Партия ұйымдарының басшылығымен республика комсомолы өзінің жұмысындағы кемшіліктерді тез жою үшін және барлық жас жігіттер мен қыздарды Коммунистік партияның XIX съезі белгілеген ұлы міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдыруды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды жүзеге асырады.

Қазақстанның комсомол ұйымдары жастарды Советтік Отанға шексіз сүйіспеншілік және берілгендік рухта, оның жауларына мейлінше өшпенділік рухта, жоғарғы идеялық, халықтардың сталиндік достығы, революциялық қырағылық, сүйікті Отанымызды әр минутта қорғауға әзір болу рухында тынбстан тәрбиелей береді. Республиканың комсомолдері мен жастары алдағы уақытта да Лениннің — Сталиннің ұлы ісінің салтанат құруы жолындағы күресте өзінің күшін молайта береді, Социалистік Отанымыздың қуаты мен қорғанышқандығын тынбастан нығайта береді.

Біздің сүйікті Советтік Отанымыз жасасын!

Совет халқының барлық жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Кәсіподақтардың жергілікті комитеті

И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегімен және партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген совет адамдары халық шаруашы-

ларына жетісін келеді. Сонымен қатар, завод комитеті жұмысшылардың саяси және техникалық оқуларын ойдағыдай ұйымдастырып, олардың мәдени тұрмыстарына ерекше көңіл аударып келеді. Осы

нің және басқа кәсіподақ ұйымдарының жұмысында да кездеседі.

Кәсіподақтар — коммунизм мектебі. Сондықтан олар өздерінің жұмыстарын елімізде коммунистік қоғам орнату мінде-

Партия ұйымдарының басшылығымен республика комсомолы өзінің жұмысындағы кемшіліктерді тез жою үшін және барлық жас жігіттер мен қыздарды Коммунистік партияның XIX съезі белгілеген ұлы міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдыруды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды жүзеге асырады.

Егіске әзірлік әрі тез, әрі сапалы аяқталсын

Әйелдер агрегаты

Кониюхов ауданының тракторшы қыздары мен әйелдерінің үндеу хаты облысымыздың тракторшы қыздары мен әйелдері арасынан қызу қолдау табуда. МТС-терде әйелдер агрегаты ұйымдастырылуда.

Мәселен, мұндай агрегат Полудень МТС-нің Свердлов атындағы колхозда жұмыс істейтін трактор бригадасында ұйымдастырылған. Онда тракторшы да, тіркеуші де әйелдер. Агрегаттың құрамында тракторшы әйелдер А. Баун, Г. Ларер және тіркеушілер В. Фоменко, Л. Лашкарева жолдастар бар. Бұлар көктемгі егіс кезінде «ДТ-54» трактормен жұмыс істейді. Олар тракторды және тіркеу саймандарын үнемі жоғары техникалық күтімде ұстап, агрегаттың жұмыс өнімділігін еселеп арттыруға, күндік ташырманы ұдайы орындап отыруға міндеттенді.

Сол сыяқты, осы колхозда жұмыс істейтін тракторшы Л. Выходцева жолдас та Кониюхов ауданының механизатор әйелдерінің хатына іспен жауап беру жөнінде өзіне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Ол үстіміздегі жылы НАТИ тракторымен 1100 гектар жер жұмыстауға, жанар, жанар майын көптеп үнемдеуге, ол маймен жұмыс істеуге міндеттенді.

Механизатор әйелдер кәзір егіске әзірлікті үлгілі аяқтап, оған ұйымшылдықпен кірісу жолына аямай күш жұмсауда.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілшіміз).

Бригаданың әзірлігі

Бұл күндерде «Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) № 3 бригадасының мүшелері көктемгі егіске әзірлікті ойдағыдай аяқтап келеді.

Колхозшылардың өнімді еңбек етулерінің нәтижесінде бригада 800 центнер тұ-

Совет ауданында егіске әзірлік ұзаққа созылуда

ҚКП Орталық комитетінің III пленумы машина-трактор станцияларының жұмысын жақсартудың нақтылы шараларын белгілеп, ол жөнінде партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының алдына зор міндеттер қойды. Пленум әсіресе, машина-трактор паркін сапалы жөндеп, дала жұмыстарына әзір етуді, сөйтіп, көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуді талап етті. Бірақ, Совет ауданында бұл міндеттердің орындалуы өте-өте нашар. Быыл аудан колхоздарында егіс жұмыстарының 95 проценттейі механика күшімен атқарылады. Солзай бола тұрса да, мұнда машина-трактор паркін көктемгі егіске әзірлеу ісі мүлде қанағаттанғысыз. Аудан МТС-терінде әлі күнге дейін 40 шақты трактор жөндеуден өтпейтін. Бұл жөнінде Совет және Сартомар МТС-тері төзгісіз артта қалып келеді. Совет МТС-інде (директоры Лымарь жолдас) быыл 15 аттық күші бар тракторлардың әр қайсысы 1952 жылғыдан 125 гектардан жерді артық жұмыстайды. Бұл трактордың өнімді жұмыс істеуін ол үшін әрбір трактордың сапалы жөндеуін талап етеді. Алайда, МТС басшылары бұл жағдай ескермей, трактор жаңдеуді ойсыраған оққылыққа ұшыратып отыр.

Совет МТС-нің мастерскойында еңбек дұрыс ұйымдастырылмаған. Механизаторлар жөндеу жұмысына толық тартылмаған. Мұнда ондаған тракторшылар бұл жұмыстан мүлде қол үзген. Еңбек өнімділігі өте төмен. Соның салдарынан мұнда бірінші апрельге дейін трактор жөндеу көлемі небары 76,3 процент ғана орындалды. 18 трактор мастерской жанында жөндеу күтіп тұр.

Сол сыяқты, бұл МТС-те трактор бригадалары маман механизатор кадрларымен қамтамасыз ету ісі де төзгісіз жағдайда.

Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының өзінде ғана 740 центнер жай тұқымның бірде-бір центнері сәтті тұқымға айырбасталып алынбаған. Мұнда өңгіштігі кем тұқымды шығымдылығы жоғары тұқымға айырбастау ісі төзгісіз баяу жүргізіліп келеді.

Аудан колхоздарында 7 мың центнердей тұқым жетпейді. Молотов атындағы, «Игілік», «Борьба за коммунизм», «Новый быт», «Красный полтавец» колхоздарында тұқым 600-1200 центнерден кем құйылған. Бұл колхоздардың басшылары да егіске қажетті тұқым қорын толық құйып, өңгіштік сапаға жеткізу ісін ұйымдастырудан тыс қалып отыр. Ол-ол ма, колхоздарда қолда бар тұқымның өзі әлі күнге дейін тазартылып, себу дәрежесіне жеткізілмеген. Тұқым тазалауға «ВИМ» сыяқты күрделі машиналар толық қуатымен пайдаланылмайды. «Новый быт» колхозының № 2 бригадасында 600 центнер тұқымдық дән тазартылмаған. Ал, осы колхоздағы дән тазалайтын «ВИМ» машинасы жұмысқа пайдаланылмай босқа тұр. Колхоз басшылары оны жұмысқа қосуды тиісі ойлайтын да емес. Бұдан артық жауапсыздық болар ма? Бұл ауданда тұқымдық дақылдар дұрыс сақталмай отыр. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 100 пұттан астам тұқым талап-таражға түскен. Кәзір бұл колхозда егіске 620 центнер тұқым жетпейді.

Ауданының бірқатар колхоздарында ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу де елеусіз қалған. Аудан колхоздарында 130 ат плугі, 37 ат саяласы жөндеуден өтпеген. Кейбір колхоздардың басшылары тек машина-трактор паркіне сеніп, құрал-сайман жөндеуге мән бермей жүр. Мысалы, Молотов атындағы колхоздың басшылары осындай зиянды пікірдің шырғауына түскен. Оның № 1 және № 2 брига-

ды болып көрмеген өндірістік өрлеумен еңбек етуде. Сөйтіп, совет халқы өзінің туысқан Коммунистік партиясы мен Совет Үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан әрі тығыз тәптасуда.

Коммунистік партияның данышпандық саясаты бүтіндей халық мақсатын, халық игілігін көздейді және осылай бола бермек. ССРО Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитетінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан—алтыншы рет кеміту жөніндегі қаулысы халық игілігінің жарқын бейнесі болып табылды.

Ленин—Сталин партиясының жеңімпаз күшінің қайнар бұлағы — қалың бұқарамен тығыз байланыстылығында. «Партияның жұмысшы табымен байланыстыратын бірінші, негізгі жалғастырушы құрал, бірінші, негізгі аралық аппарат—кәсіпшілер одақтары» деп үйретті кеменгер кәсіміміз И. В. Сталин жолдас.

Партия ұйымдарының басшылығымен кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілерді елімізде коммунистік қоғам орнату күресіне белсендіре жұмылдырып келеді. Мұның өзін облысымыздың кәсіподақ ұйымдарының өмірінен айқын көруге болады.

Көптеген кәсіподақ ұйымдары сталиндік бесінші бесжылдықтың міндеттерін толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен ұйымдастырып, кәсіпорындары мен транспортта, совхоздар мен МТС-терде өндірістік жоспарларды ойдағыдай орындауына жетіуде. Мәселен, қаладағы шойын құю-таразы заводының коллективі осы жылдың бірінші тоқсанының өндірістік жоспарын артығымен орындады. Заводта күнделікті жұмыс нормаларын орындамайтын бірде-бір жұмысшы жоқ. Дурнов, Жузенов сыяқты стахановшылар келесі бесжылдықтың есебіне жұмыс істеуде. Бұл табысқа завод комитетінің (председателі Денисов жолдас) және цех комитеттерінің қосқан үлесі мол. Завод комитеті жұмысшылардың социалистік жарысқа түгел қамтылуына, олардың социалистік міндеттемелерін толық орындау-

тырын отырған кәсіподақ ұйымдарын облысымыздан көптеп айтуға болады.

Дегенмен қол жеткен біраз табыстарымызға масаттану, сөйтіп, жұмыстағы елеулі кемшіліктерді көрмеу дұрыс болмас еді. Облысымызда жалпы алғанда кәсіподақ ұйымдарының жұмысы әлі де болса, өмірден туған талаптарға, партия алға қойған міндеттер дәрежесіне толық жауап бермейді. Кейбір кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар арасында социалистік жарысты ұйымдастыру, еңбек тәртібін нығайту, мәдени-ағарту, жұмысшыларды саяси тәрбиелеу мәселелеріне үстірт қарап отыр. Киров атындағы завод комитеті социалистік жарыстың барысын жұмысшылардың жыйналысында сирек талқылайды. Озаттардың жұмыс тәжірибелері мен өндіріс жаңашылдарының рационализаторлық ұсыныстары кеңінен насихатталмайды. Міне сондықтан да заводтың өндірістік тапсырмаларды орындауда мүлде кейін қалып қоюына таңдануға болмайды.

Кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналыстарының зор маңызы бар екені мәлім. Алайда, көп жерлерде кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналыстары ешқандай әзірліксіз, үстірт өтеді. Қаладағы өндіріс комбинаты кәсіподақ мүшелерінің соңғы жыйналыстарының бірінде күн тәртібінде талқыланған мәселе бойынша небары бір-ақ адам сөз сөйлеп, ешбір қаулы қабылдамаған. Жергілікті комитеттің председателі Кожевников жолдасын кәсіподақ мүшелерінің жыйналысын бұлай өткізуі төзігіз факті.

Петропавл элеваторында кәсіподақ ұйымының жұмысы бетімен жіберілген. Мұнда ұйымның жұмысы жоспарсыз жүргізіледі. Жұмысшылардың жыйналысы кезінде шақырылмайды. Элеваторда еңбек тәртібін бұрмалау фактілері жиі кездеседі. Алайда, жергілікті комитеттің председателі Васильев жолдас комитеттің мәжілісінде, немесе кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналысында арнаулы мәселе қарауды ұмытып жүр. Мұндай кемшіліктер мемлекеттік сауда, совхоз, МТС қызметкерлері-

тіне, партия қойған талаптарға сәй жүргізуге тиіс. Демек, кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді, қызметшілерді еңбек тәртібін қатаң сақтау, еңбекте өнеге көрсету, Советтік Отанымызды шексіз сую рухында, кемшіліктер мен қателіктерге төзбеу, ескінің қандай көріністеріне болсын өшпенділік рухында тәрбиелеуге міндетті. Сонымен қабат, кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің арыздары мен шағымдарына кезінде құлақасып, олардың материалдық және мәдени тұрмысына күнбе-күн қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Бұл міндеттердің ойдағыдай орындалуы кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарына тікелей байланысты. Сондықтан кәсіподақ ұйымдарының жұмыстарын жоспарлы жүргізіп, өндірістік және мәдени-ағарту мәселелерінің және басқа да жұмыстардың жайы кәсіподақ мүшелерінің жалпы жыйналыстарында жиі талқылап отыру қажет. Кәсіподақ ұйымдары өзінің барлық жұмысында кәсіподақ активтеріне сүйенуі керек. Жергілікті комитет, тұрақты комиссиялар мүшелерінің өздеріне тапсырылған жұмысты мұлткісіз орындауларына жетісу қажет.

Көзір кәсіподақ ұйымдарының барлық жұмысы май мекересі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуді, сөйтіп кәсіпорындары мен транспортта, совхоздар мен МТС-терде өндірістік жұмыстардың тапсырмалары мерзімінен бұрын орындау міндетіне бағытталатын болсын. Бұл күндері социалистік жарыстың барысы күн сайын жыйнақталып, жұмысшылар арасында кеңінен әйгіленуі қажет.

Партия ұйымдары кәсіподақ ұйымдарының барлық жұмысына бақылау мен басшылықты мейлінше жақсартып, олардың ұйымдастырушылық ролдерін арттыра беруге тиіс. Бұл үшін кәсіподақ ұйымдарының жұмысы жөніндегі сын мен өзара сынды мейлінше күшейту керек. Осылай болған күнде ғана біз кәсіподақ ұйымдарының жұмыс дәрежесі жоғары болуына жетісе аламыз.

Жүзлеген центнер жергілікті тыңайтқыш заттарды егіс аламына жеткізді. Ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу те аяқталды. Быйыл бұл бригада дала жұмыстарына тыңғылықты әзірлікпен кіріскелі отыр.

Ж. ҚОЖАГАЛИЕВА.

Мол өнім алу үшін күрес

Бұл күндері (Қазақстанның 30 жылдығы) (Октябрь ауданы) ауылшаруашылық артелінің мүшелері мол өнім үшін күресте қажырлы еңбек етуде.

Мұнда тұқымдық дақылдар тазаланып, өнгінтік сапаға жеткізілген. Көзір егістік жерге ылғал жыйнау шаралары жүзеге асырылып отыр. Осы сыяқты, жергілікті тыңайтқыштар мол жыйналып, егіс басына жеткізілуде. Ауылшаруашылық құрал-саймандары да сапалы жөнделіп, дала жұмыстарына әзір етілді.

К. ЖҰМАҒАЗИН.

Мал қыстатудың шешуші кезеңі

Быйыл, бесінші бесжылдықтың үшінші жылында облыс совхоздары мал өсірушілерінің алдында аса зор міндеттер тұр. Үстіміздегі жылы совхоздарда өткен жылмен салыстырғанда, ірі қара мал саны 18,8 процент, қой саны —28,7, шошқа саны— 72,2 процент көбейтілетін болады. Сол сыяқты, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру ісі де едәуір молайтылады. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда, быйыл облыс совхоздарында сүт дайындау 27,8 процент және жүн дайындау 66,6 процент арттырылады.

Бұл—аса күрделі міндет. Оны абыроймен орындау үшін ең алдымен мал қыстатуды табысты аяқтап, барлық малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу қажет.

Облыс совхоздарында партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға керекті мүмкіншіліктің бәрі бар. Оның өзі бірқатар совхоздардың осы күнгі қол жеткен табыстарынан айқын көрініп отыр. Мәселен, көзірдің өзінде 6 совхоз ірі қара мал өсірудің, 4 совхоз шошқа өсірудің жылдық жоспарын толық орындап шықты. Ал, Приешім совхозы бұл жоспарды барлық туліктен орындады.

Мал қыстатуды Төқшын совхозы (директоры Мейірбеков жолдас) ойдағыдай аяқтап келеді. Бүкіл қыс бойына мұнда малға тыңғылықты күтім жасалды. Мал азығы тиімді пайдаланылды. Көзір мал негізінен шығынсыз, күйлі өсірілуде. Совхоз төл алуға ұйымшылдықпен кірісті. Мұнда өткен жылғы январь, февраль айларында әрбір сауын сыйырдан 288 литрден сүт алынып, быйыл осы мерзім ішінде әрбір сауын сыйырдан 417 литрден сүт сауылды.

жұмыс істеуі үшін тракторшылар жетпейді.

Сартмар МТС-інде істің жайы бұдан да нашар. Мұнда осы уақытқа дейін 52 трактордан 38 трактор жөнделген. Жөнделмей тұрған тракторлардың көпшілігі шынжыр табанды тракторлар. Осыған қарамастан МТС басшылары тракторларды таяудағы күндердің ішінде жөндеп, егіске әзірлеуге айтарлықтай қам жасамай отыр. Тракторшылар да жеткілікті даярланбаған.

Мұның бәрі аудан және МТС басшыларының машина-трактор паркінің жұмысын жақсартудың тиісті шараларын қолданбай отырғандығының салдары деуіміз керек.

Егіске әзірліктегі күрделі жұмыстың бірі — тұқым дайындау екені мәлім. Бірақ, ауданда тұқым тазалау жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуде. Бірқатар колхоздарда тұқым тазарту, оны өнгінтік сапаға жеткізу ісі нашар ұйымдастырылған. Оларда әлі күнге дейін 8 мың центнер тұқым шығындылық сапаға жеткізілмеген. Ал, жай тұқымды сортты тұқымға айырбастау мәселесі тіпті қолға да алын-

дарында ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысы жүргізілмейді. Мұндағы ұста дүкендері жұмыс істеуден қалған. Ал, ұсталар көбінесе өздерінің жеке жұмыстарымен шұғылдануда.

Аудан бойынша быйыл 12 мың тоннадай жергілікті тыңайтқыштар дайындалуға тиіс еді. Көзір дайындалған жергілікті тыңайтқыш 2 мың тонна ғана. Ал, егістік жерге ылғал жыйнау жұмысы да нашар. Қар тоқтату жоспары орындалмай қалған. Аманкелді атындағы «Северный берег», «Новый быт» колхоздарында қар тоқтату жоспарының үштен бір бөлігі де орындалмаған. Сол сыяқты колхоздар көзір егістік жерге қар суын бетеуге де кіріспей отыр.

Егіске әзірлікті аяқтайтын мезгіл жетті. Сондықтан Совет ауданының басшылары барлық күш-мүмкіншілікті пайдаланып, көктемгі егіске әзірлікті тез арада үлгілі аяқтауға, оны агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуге жетісуге міндетті.

Т. КӘДІРОВ.

СМИРНОВО. (Арнаулы тілшіміз).

әскер совхоздарында нашар болып отыр. Осы жылғы январь, февраль айларында әрбір сауын сыйырдан Қыялы совхозында 73 килограмнан, Октябрь совхозында 64, Қызыл әскер совхозында 90 килограмнан ғана сүт алынды. Бұл өткен жылғы осы уақыттағыдан көп кем.

Мал шаруашылығындағы мұндай кемшіліктерге төзуге тиіпті болмайды. Әрбір совхозда мал шаруашылығына басшылықты мықтап жақсартып, көзір, мал қыстатудың шешуші кезеңінде малдың күтімін барлық жағынан үлгілі ұйымдастыру қажет. Совхоз басшылары қолда бар жемшөп қорларын тиімді пайдаланып, барлық малды қыстан аман алып шығудың тиісті шараларын шұғыл қолдануға міндетті.

Көзір барлық жерде төл алу науқаны жүргізіліп жатыр. Міндет —төлді дұрыс алып, оны шығынсыз өсіруде. Совхоз басшылары төл алуға және оны күтуге тәжірибелі малшыларды бөліп, олардың өнімді еңбек етуіне барлық жағдайды жасауға тиіс.

Мал қыстатуды үлгілі аяқтауда зоотехниктер мен мал дәрігерлеріне зор міндеттер жүктеледі. Көзір олардың орны —мал фермаларында болуы керек.

Фермаларда еңбек ұйымдастыру ісін үдірсіз нығайтып, малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу, мал қыстатуды үлгілі аяқтау, сөйтіп, бесінші бесжылдықта қоғамдық мал шаруашылығын оған әрі өркендету —совхоз партия ұйымдары мен басшыларының ең негізгі міндеті.

В. БОЙЧЕНКО,

ҚКП обкомі совхоздар секторының меңгерушісі.

СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

СОКП Орталық Комитеті пленумының қаулысы бойынша С. Д. Игнатьев жолдас СОКП Орталық Комитетінің секретары-лығы міндетінен босатылды.

Май мерекесі құрметіндегі жарыс

Микоян атындағы ет-консерві комбинатының коллективі май мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты өрістетіп түсті. Завод жұмысшылары март айының өндірістік программасын өнімнің барлық түрінен 144 процент орындап, елімізге жоспардан тыс 10 мыңдаған сомның өнімін берді.

Коммунистер социалистік жарыста алған міндеттемелерді мұлткісіз орындаудың, еңбек тәртібін жақсартып, өнімнің сапасын бұрынғыдан да арттыра түсудің үлгісі болды. Әсіресе, коммунистер басқарған цехтар жұмысшылар арасындағы үгіт-бу-

қаралық жұмысты күшейте отырып, міндеттемені қағаз жүзінде алумен тынбай, оның орындалуын үнемі бақылап, оған басшылық етіп отырудың арқасында көрнекті өндірістік табыстарға ие болды. Мұны коммунистер В. Акимов, А. Ярославцев жолдасар басқарған цехтардың жұмыс көрсеткіштерінен байқауға болады. Мәселен, Акимовтың басқаруындағы цех өндіріс жоспарын 119,8 процент, Ярославцевтың басқаруындағы цех айлық жоспарын 170 процент орындады.

Комсомолецтер де коммунистерден үлгі алып, алған көтеріңкі міндеттемелері

ойдағыдай аяқтауда. Комсомолқалар Т. Бреева, Р. Корвина жолдасар март айының тапсырмасын 140—155 процент орындады.

Коммунист Ю. Фукс жолдас басқарған қаңғылтыр-бане цехының коллективі март айының тапсырмасын 157,8 процент орындап, елеулі өндірістік табысқа ие болды.

А. МАЛАХОВ,

Консерві заводының цех партия ұйымының секретары.

Республика комсомолының саяси және еңбектегі белсенділігін барған сайын арттыра берейік

Қазақстан ЛКЖО VI съезі

4 апрельде Қазақстан ЛКЖО VI съезі өзінің жұмысын аяқтады. Съезд зор саяси орлеу жағдайында өтті. Қазақстан комсомолы Коммунистік партияның Лениндік—Сталиндік Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төдірегіне берік топтасқандығын айқын сыйпаттады. И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпаңдық еңбегімен, партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген республика комсомолдері бүкіл совет халқымен бірге елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы сталиндік ұлы жоспарларды жүзеге асыру жолында зор күш-жігер жұмсап еңбек етуде.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің есепті бағдамасы бойынша 36 адам жауапкершілікке шығып сөйледі. Съезд делегаттары Советтік Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға үнемі назар аударып, көмек көрсетіп отырғаны үшін Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шын жүректен алғыс айтты. Жарыссөзге шығып сөйлеушілер, съезге қатынасқандар республиканың комсомолдері мен жастары қол жеткен табыстар туралы айтты. Коммунизмнің жас құрылысшылары өнеркәсіпте, транспорт пен ауылшаруашылығында жанқиярлықпен еңбек етуде, қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін өркендетуде.

Мыңдаған жас жұмысшылар сталиндік бесінші бесжылдықтың жоспарларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұшпақсан. Жарысқа қатынасқандардың алдығы шебінде Қарағандының жас шахтерлері келеді. Еліміздің үшінші көмір ошағының 22 мыңнан аса жас кешілері, құрылысшылары мен транспортшылары бесжылдықтың екінші жылының өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Жданов атындағы шахтаның бұрғылау машинисті, съезд делегаты Григорий Яшешко бұрғылау машинистінің еңбек өнімділігін айына 40 мың тонна көмір бұрғылауға дейін жеткізуге міндеттенді. Жас шахтер ай сайын 35 эшелонмен тасуға жететін көмір бұрғылайды. Қазақ металлургия заводының коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. мұнда мыңнан аса жас металлургия жұмыс істейді. Алайда, Қазақстан ЛКЖО Қарағанды облыстық комитетінің секретары Бөкенов жолдастың атап көрсеткеніндей, облыс комсомол ұйымының жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Жұмыс нормасын орындамау, еңбек тәртібін бұзу фактілері әлі жойылған жоқ.

рысты ұйымдастыруда облыстық және аудандық комсомол комитеттеріне назар көмектеседі, ауыл шаруашылығының жас оқаттарының жақсы тәжірибелерін жыйнақтап, тарату ісін назар ұйымдастырады.

Республика комсомол ұйымының ерекше қамқорлық жасайтын ісі жастар арасынан, ең алдымен комсомолдерден мал шаруашылығының көптеген кадрларын даярлап, тәрбиелеп өсіру болуға тиіс. Бірақ, Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Дняров жолдастың атап көрсеткеніндей мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген 300 мың колхозшы мен совхоз жұмысшысының 19 мыңдайы ғана комсомолдер.

Съезд мал шаруашылығын өркендету ісінде республика комсомолдерінің басты міндеті — мал шаруашылығының өнімділігін арттыра беру, аналық мал басын және төл алуды көбейту, жемшөп қорын нығайту, мал қораларын салу, шахта және артезиан құдықтарын қазу, суаттар мен төгіндер салу, мал шаруашылығы фермаларын механизациялау үшін күресу болып табылатындығын атап көрсетті.

Съезд делегаттары идеологиялық жұмыс мәселелеріне зор назар аударды. Жас жұмысшылар мен колхозшылар, студенттер мен оқушылар И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген классикалық шығармасын, партияның XIX съезінің қарарларын зер салып үйренуде. Кәзір комсомол саяси оқуы жүзеге асырылып үйірмелерде 130 мыңдай жас жігіттер мен қыздар оқып жүр. Бірақ жастардың елеуір бөлігі партияның XIX съезінің материалдарын үйренуге тартылмаған. Бірқатар үйірмелерде сабақтың идеялық мазмұны әлі де төмен дәрежеде. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі идеологиялық жұмыстың бұл саласын назар басшылық жасайды, бөлім насихатшылардың тәжірибесін қорытпайды.

Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің секретары Берімов жолдас, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің 1951 жылы насихатшының жұмыс тәжірибесі жөнінде орыс және қазақ тілдерінде кітапшалар басып шығаруға, саяси үйірме тыңдаушыларына көмек ретінде қазақ тілінде кітапша басып шығаруға ұйғарған болатын, бірақ бұл игілікті ой қағаз жүзінде ғана қалды, деді.

Мал жайылымы учаскторіндегі комсомолдер мен жастардың оқуы мүлде қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Қазақстан ЛКЖО Жамбыл облыстық ком-

нашар шұғылданындығы үшін КЛЖО Орталық Комитетін сынады.

Студенттер арасындағы барлық идеологиялық жұмыстың ең негізгісі — олардың маркстік-лениндік теорияны терең үйренуі болып табылады. Дегенмен, Алматының жоғарғы дәрежелі оқу орындарында жеке-жеке студенттердің әлеуметтік саяси пәндерді оқуға үетірт қарауы, материалды терең үйрену үшін күресуіне сыяқты фактілер байқалады.

Республиканың шаруашылық және қоғамдық жұмысына әйел жастар белсене қатынасуда. Әйел жастарды тәрбиелеу ісінде комсомол ұйымдары зор роль атқаруға тиіс. Фактілер Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және басқа облыстарда бұл жұмыс идеялық-саяси жағынан төмен дәрежеде жүргізілетіндігін дәлелдейді. Кейбір комсомол ұйымдары қыздарға теріс көзқарасқа жол беру фактілерін елемейді, феодалдық-байшылық қалдықтарға құрымын күрес жүргізбейді.

Республиканың комсомол ұйымдары қыздарды, әсіресе қазақ қыздарын басын комсомол және шаруашылық жұмысына аз жоғарылатады.

Қазақстанның комсомол ұйымы әйелдерді басын жұмысқа жоғарылату мәселесіне өзінің көзқарасын өзгертін, әйел жастарының белсенді кадрларын тәрбиелеп өсіруге, оларды батыл жоғарылатуға қамқорлық жасауға тиіс.

Сол сыяқты, делегаттар КЛЖО Орталық Комитетінің, облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттерінің мектеп комсомол және пионер ұйымдарына басынлық ету жөніндегі ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарын ойдайыдай жақсартуы қажеттігін айтты.

Физкультура тәрбиесі жастарға коммунистік тәрбие берудің маңызды бөлімі болып табылады. Дегенмен, Ақмола облыстық комсомол комитетінің секретары Отарбеков жолдастың атап көрсеткеніндей, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті, оның Фадеев жолдас басқаратын физкультура бөлімі физкультура мен спортты дамыту жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу орнына көптеген шаралар белгілеумен тынды, белгіленген ол шаралардың өздері де үнемі орындалып отырған жоқ. «Колхозшы» ерікті спорт қоғамы ауыл-селодағы физкультура жұмысының орталығы бола алмай келеді. Республиканың 450-дей колхозы әлі күнге дейін қоғамға заңды мүше емес.

Жастар бұқарасына шеберлікпен басын

мыстан босатылу себебін сұрап, арнаулы телеграмма берді.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті төменгі ұйымдармен тығыз байланыс жасаудың орнына қағаз жүзінде толып жатқан нұсқаулар берумен және телефон арқылы сөйлесумен ғана тынды. Есеп жөніндегі толып жатқан телеграммалар мен түрлі хаттарды есептегенде Батыс Қазақстан облыстық комсомол комитеті Орталық Комитеттен соңғы бір жарым жылда 250-дей қаулылар мен нұсқаулар жазылған телеграммалар алған.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысындағы елеулі кемшілік өз қарарының орындалуын тексермейтіндігі съезде атап көрсетілді.

Комсомол кадрлары — біздің партиямыздың алтын қоры. Жастар арасындағы барлық тәрбие жұмыстарының табысты болуы бұл кадрлардың қаншалықты жақсы оқығандығына және идеялық-саяси жағынан шынығуына байланысты. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші дәрежелі міндеті — кадрларды дұрыс іріктеп, қамқорлықпен өсіру. Алайда, съезд делегаттары республика комсомолының Орталық Комитеті кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісінде саяси ашыққауыздық және бейқамдық көрсеткендігін айтты. Орталық Комитеттің бюросы басын комсомол жұмысына практикалық жұмыста тексерілмеген адамдарды жіберді. V съезд өткеннен бергі уақыт ішінде түрлі айыптар тағылу себебі бірқатар облыстық, қалалық және аудандық комсомол комитеттерінің секретарьлары қызметтен босатылды.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті жас, қабілетті қызметкерлерді жоғарылатудан тайсақтайды, беделдері «танылған» адамдардан көз жазбайды. Гурьев облыстық комсомол комитетінің екінші секретарьлығы қызметіне жіберілген, Орталық Комитеттің комсомол органдары бөлімі меңгерушісінің бұрынғы орынбасары Жидин жөнінде дәл осындай болды, ол мұнда лайықсыз мінез-құлқы үшін қызметтен қуылды. Орталық Комитет Қызылорда облыстық комсомол комитетінің секретарьлығына бұрынғы өз қызметкері Жайлыбаевты ұсынды, ал, оның тұрмыстағы лайықсыз істері Орталық Комитетке бұрыннан белгілі еді. Бұл қызметке келісімен Жайлыбаев облыстық комсомол комитетінің жұмысын ақсатты.

—Шалов жолдас, — деді Павлодар облыстық комсомол комитетінің секретары Шарафутдинов жолдас, — бір жылдан аса уақыттан бері Қазақстан ЛКЖО Орталық

Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын алысып-берісу туралы Паньмыньчжондағы келіссөздер

ПЕКИН, 6 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлады:

Бүгін таңертең Паньмыньчжонда байланыс топтарының бірінші мәжілісі болып, онда корей-қытай байланыс тобының басыншы генерал Ли Сан Чо: «Біздің жағмымыз осы мәселені тез және толық шешу мақсатымен өзінің қолында бар барлық ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруға даяр» деп мәлімдеді.

Өзінің мәлімдемесін анықтай келе, генерал Ли Сан Чо: «Соғыс тұтқындары туралы 1949 жылғы Женева келісімінің 109 және 110 статьяларына сәйкес тікелей елдеріне қайтуға немесе бейтарап елде қалуға праволы барлық ауру және жаралы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтаруға немесе бейтарап елде қалдыруға біздің жағмымыз даяр» деді.

Ол алысып-берісуге жататын ауру және жаралы соғыс тұтқындарының сандарын анықтау мақсатымен «Еналдымен еліне қайтарылуға тиіс ауру және жаралы соғыс тұтқындарының санын анықтау керек» екендігін атап көрсетті.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 апрель. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 6 апрельде Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні Пенамдон ауданында американағылшын интервенттеріне және лисинманшыд әскерлерге қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Дүшпан авиация және артиллерияның

Америка байланыс тобын бастаушы контр-адмирал Даниэль осы ұсынысты зерттеу үшін қысқа мерзімді үзіліс жасауды өтінді.

Мәжіліс қайтадан басталғаннан кейін Даниэль: «Біз оларды (ауру және жаралы соғыс тұтқындары деп топ-топқа) бөлмейміз» деп мәлімдеді. Америка жағына Женева келісіміне сәйкес қайтуға праволары бар барлық ауру және соғыс тұтқындарын тікелей елдеріне қайтаруға немесе бейтарап елде қалдыруға, американа жағы даяр ма деген сұрақ қойылды. Даниэль корей-қытай жағының ұсынысын зерттеу үшін 7 апрельдің таңертеңгі сағат 11-не дейін үзіліс жасауды ұсынды.

Генерал Ли Сан Чо ауру және жаралы соғыс тұтқындарын алысып-берісу жөніндегі нақтылы шаралар туралы Даниэль ұсынған келісімнің жобасын өзінің зерттейтіндігін және осы мәселе жөнінде мүмкіндігінше жуыр арада өзінің нақты пікірін білдіретіндігін мәлімдеді. Ол 7 апрельдің таңертеңгіне дейін үзіліс жасауға келісті.

Ливан халқы агрессияшыл „Орташығыс командованиясіне“ қарсы

БЕЙРУТ, (СОТА). Газеттер Ливан бейбітшілік жақтаушыларының манифестін жариялауда. Онда араб елдеріне агрессияшыл «орташығыс командованиясіне» жасауды күшпен таңуға жанадан әрекеттенушілерге қарсы наразылық білдірген.

Манифесте былай делінген: «Басқа араб халықтары сыяқты, Ливан халқы, қандай желеумен бүркемеленсе де орташығыс командованиясіне жасаудың жобасын үзілді-кесілді, біржола қабылдамай тастады... Біздер жобаны қабылдамаймыз және біз оған қарсы қолымызда бар құралдың барлық түрімен батыл түрде күресетін боламыз.

Араб-түрік федерациясын құру жөнінде-

қолдауымен бір полкқа жуық әскери күшпен бірнеше рет күшті атакалар жасады. Алайда барлық атакалар тойтарылды.

Кеше түнде американа авиациясы Хванхэ провинциясындағы Понсам уезінің селоларына жанадан шабуыл жасап, әртүрлі қалыңдығы 800 ден астам бомбалар тастады. Қаза тапқан адамдар бар.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дүшпанның 4 самолетін атып түсірді.

гі жоспар жайында және Израильмен келісімге жетісу туралы мәлімдемені осы әрекеттердің барлығы біздің елімізді соғыс одағына тартуға және араб халықтарын ыдыратуға бағытталғандықтан ызақпен қабылдадық... Осы хауіптің қарсаңында біз барлық патриоттарды және әртүрлі ағымдағы ұйымдарды осы агрессияшыл жобаны сәтсіздікке ұшыратып, қабылдамай тастау үшін барлық күш-жігерді жұмсауға шақырамыз.

«Телеграф» газеті империалистік «орташығыс командованиясінің» жасалу жобасына қарсы халық пен ұйымдардан түскен наразылықтарды алып отырғандығын атап көрсетеді.

Бразилиядағы ереуіл қозғалысы

Негізінен жастар жұмыс істейтін машиналар мен механизмдерді дұрыс пайдалана білмеу сәттарынан «Қарағандыуголь» комбинаты тәулік сайын мемлекетке жүздеген тонна көмірді кем беріп келеді.

Түсті металл, мұнай, химия және өнеркәсіптің басқа да салаларында істейтін жастардың еңбектегі белсенділігін арттыру мәселесіне жете көңіл бөлмейтіндігі үшін Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің, оның жұмысшы-жастар бөлімінің, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған, Батыс Қазақстан облыстық комсомол комитеттерінің жұмысы съезде әділ сыналды.

Екі жүз мыңнан аса комсомолдер мен жастар республиканың ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Ауыл-село жастары республиканың халық шаруашылығының ең негізгі салаларының бірі — мал шаруашылығын бұдан былай да өркендету күресіне белсене қатынасатын болды. Бұл жөнінде Алматы облысының Қастек қой совхозының шопаны Сыдықов жолдас, Ақмола облысының Ақмола аудандық комсомол комитетінің секретары Темірбаев жолдас, Солтүстік Қазақстан облысының Қызыл астық совхозының комсомол ұйымының секретары Байбәділов жолдас және басқалары айтты. Қазақстан ЛКЖО Ақтөбе облыстық комитетінің секретары Әміров жолдас Ырғыз ауданының колхоз комсомол ұйымдарының қоғамдық мал шаруашылығы үшін беріс жемішпен қорын жасау жөніндегі бағалы инициативасы туралы айтты. Ырғыз ауданының комсомолдері шабындықтар мен жайылымдарды суару және суландыру үшін ауданын су қорларын пайдалануды ұсынды. Олар өткен жылы жазда 11 бөрет, бийілігі көктемде 15 тоспа жасады.

Алайда, республиканың көптеген комсомол ұйымдары қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісіне әлі де нашар қатынасуда. Съезде сөз сөйлеген Гурьев, Ақмола, Алматы және басқа облыстық комсомол комитеттерінің секретарьлары бұл аса маңызды мәселеге жете назар аудармады, ал, аталған облыстарда мал шаруашылығының жаңы айтарықтай емес.

Съезд делегаттары Орталық Комитеттің Капустина жолдас басқаратын село жастары арасындағы жұмыс бөлімі жұмыста инициатива көрсетпейтіндігін, бұл бөлім ауыл-село комсомол ұйымдарының өмірінен қол үзгендігін атып көрсетті. Бұл бөлім ауыл-село жастары арасында, әсіресе, мал өсірушілер арасында социалистік жа-

тетінің секретары Баймешева жолдас мал жайылымында жұмыс істейтін мал өсірушілердің оқуының түрін әрбір аудандық комсомол комитеті өзінше белгілеп, олардың білім дәрежесіне қарамастан өздігінен оқушылар қатарына жатқызып жүргенін айтты. Алайда, мал жайылымында істейтін мал өсірушілердің саяси оқуын ұйымдастыру мәселесін ҚЛЖО Орталық Комитеті де, БЛЖО Орталық Комитеті де әлі күште дейін шешпей отыр.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті лекциялық насихатқа жете назар аудармады. Республика комсомолының V съезінде Орталық Комитеттің лекторлар тобының менеджершіі Шманов жолдасы атына бірқатар елеулі сын пікірлер айтылған болатын.

—Алайда, — деді Шығыс Қазақстан облыстық комсомол комитетінің секретары Филиппенко жолдас, —Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті бұл сыннан ешбір қорытынды шығармады. Біз ешқандай, Орталық Комитет сынды мойындайды, ал, лекторлар тобы жұмысты бұрынғына нашар істейді.

Коммунистік партия совет жастарын буржуазиялық идеологияның ықпалынан қамқорлықпен сақтап келеді. «Қазақстан тарихы мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген «Правданың» мақаласының, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бұл мақала жөніндегі қаулысының жастарға идеялық тәрбие беру ісінде зор маңызы бар. Республиканың комсомол ұйымы Қазақстан тарихы мен әдебиетін баяндау мен оқытудағы буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықтарды жою жөнінде едәуір жұмыстар істейді. Алайда, съезд делегаттары атып көрсеткендей, Қазақстан тарихын баяндауда, әдебиетті зерттеуде буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықтардың қалдықтары әлі де ақырына дейін жойылған жоқ.

Коммунистік партия, Сталин жолдас ұлтшылдық —біздің коммунистік идеологиямызға жат, ең қатерлі қалдық екендігін әлде неше рет атып көрсеткен болатын. Алматының жоғары дәрежелі оқу орындарының кейбір комсомол ұйымдарында бұржуазиялық-ұлтшылдық идеологияның қалдықтарына қарсы күрес жұмыстары әлсіретіліп отырғандығына төзуге болмайды. Студенттер арасындағы идеологиялық жұмыста бұл елеулі кемшіліктерді көрсете келе Алматы қалалық комсомол комитетінің секретары Жаворонкова жолдас студент жастарға тәлім-тәрбие беру ісімен

дразақов жолдасы, екінші секретарының Н. Н. Крупин жолдасы, кадр жөніндегі секретарлығына А. Ф. Шалов жолдасы, насихат және үгіт жөніндегі секретарлығына С. Д. Кенжебаев жолдасы,

лық жасау, жағдайды дұрыс түсіне білу, саяси және ұйымдастыру мәселелерін тез және іскерлікпен шеше білу әрбір комсомол қызметкеріне қажетті сапа болып табылады. Алайда, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің жұмыс дәрежесі бұл талаптарға сай емес.

Съезд делегаттары Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің облыстық, аудандық және бастауыш комсомол ұйымдарының басшылығындағы көптеген қателіктерін дәлелдейтін мысалдар келтірді.

—Қостанай облысының жастары, — деді Қостанай облыстық комсомол комитетінің секретары Қайдауылов жолдас, —республикалық басшыларының лекция оқығанын, баяндама жасағанын немесе жолдастық пікір бергенін көрген емес. Республика комсомолының Орталық Комитеті облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттерінің жұмысымен бюроға мәселе өзіндегенде ғана немесе бір комсомол комитетінің жұмысы ойсыраған оқиғалыққа ұшырағанда ғана шұғылданады. Міне, сондықтан да Орталық Комитет Ақмола, Қарағанды және Жамбыл облыстық комсомол ұйымдарының жұмыстарындағы елеулі қателіктерді өте кешігіп байқады. Ал, бұл облыстық комсомол комитеттерінде Орталық Комитеттің қызметкерлері, оның секретарьлары Доспанова, Ыбыраева және Шалов жолдас болған болатын. Олар жұмыстың егжей-тегжейіне дейін байыптамағандықтан, бұл фактілер кезінде ашылмады.

Делегаттар өздерінің сөздерінде Орталық Комитет секретарларының және басқа жауапты қызметкерлердің жергілікті жерге бұғанда аудандардың бастауыш ұйымдарында болмайтындығын, олардың жұмысымен таныспайтындығын айтты.

Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті комсомол комитеттеріне өзінің бәлшылық жұмысын ойланбай, үстірт жүргізеді. Орталық Комитеттің секретары Ыбыраева жолдас Қарағанды облыстық комсомол комитетінің мектептер жөніндегі секретары Мағзұмова жолдасы есен беруге шақырды. Ал, Мағзұмова жолдас Алматыға ұшып келген кезде Ыбыраева жолдасын командировкеге шығып кеткендігі анықталды. ҚЛЖО Орталық Комитетінің кейбір бөлімдерінің жұмыс стилін мынадай факті айқын сипаттайды. Ұлытау аудандық комсомол комитетінің секретары жұмыстан босатылғаннан кейін 4 жылдан соң Орталық Комитет Қарағанды облыстық комсомол комитетінен оның жұ-

мектептер жөніндегі секретарлығына А. Х. Ыбыраева жолдасы сайлады.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бюросы құрамында тоғыз адамнан сайланды. Бюро мүшелігіне сайланғандар:

Комитетінің кадр жөніндегі секретары болып істейді. Бұл аз уақыт емес, бірақ, комсомол кадрларын іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жөніндегі Шалов жолдасының ролі байқалмай отыр.

Съезде республикалық жастар газеттері қатты сыналды. «Лениншіл жас» және «Ленинская смена» газеттері насихатшылар үшін сапалы мақалаларды, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілерге көмек ретінде консультацияларды сирек жариялайды, жақсы насихатшылардың тәжірибесін қорытпайды, өнеркәсіптің, транспорт пен ауыл шаруашылығының жетістіктері туралы, төменгі комсомол ұйымдарының өмірі жөнінен мақалалар өте сирек және үстірт жазылады.

Делегаттар Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Шаяхметов жолдасының сөзін зер сала тыңдады. Шаяхметов жолдас республика комсомол ұйымының жұмысына талдау жасай келіп, Қазақстан комсомолдері мен жастарының алдында тұрған міндеттерге толық тоқталды. Бұл міндеттердің ең негізгісі комсомолдер мен жастардың мал шаруашылығын өркендетудегі, маман механизатор кадрларын даярлаудағы белсенділіктерін арттыру болып табылады. Сонымен бірге, Шаяхметов жолдас комсомолдердің ауыл-селоның мәдениетін арттыру жөнінде белсене күресулері, мектептер мен жоғары дәрежелі оқу орындары комсомол ұйымдарының жұмысына жете назар аудару қажет екендігі жөнінде айтты. Республика комсомол ұйымы жас басшы кадрларды, әсіресе, қазақ әйелдерін батыл жоғарылатып, тәрбиелеуге, барлық жұмыста Коммунистік партияның сыналған құралы —сын мен өзарасын ды қолдануға тиіс.

Съезде БЛЖО Орталық Комитетінің секретары Рапохин жолдас сөз сөйледі. Съезд бірауыздан Комсомолдың Орталық Комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп таныты.

Съезд кең қарар қабылдады. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетіне 85 мүше және 17 кандидат сайланды. Құрамында 11 адамнан тексеру комиссиясы сайланды.

Узаққа созылған ду қолшанақтау үстінде съезд Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне құттықтау хат қабылдады.

Қазақстан комсомолының VI съезі жабық деп жарияланды. Делегаттар орындарынан тұрып партия Гимні —«Интернационалды» айтты.

Т. Абдразақов, Н. Н. Крупин, А. Ф. Шалов, С. Д. Кенжебаев, А. Х. Ыбыраева, Е. Г. Наливайко, А. Бейсембаев, П. П. Напустина, Г. И. Ибатов жолдас.

МОНТЕВИДЕО, 6 апрель. (СОТА). Бразилия және Уругвай баспасөздерінің хабарына сәйкес, Сан-Паулода (Бразилия) 10 күннен бері тоқыма және металлургия жұмысшыларының ереуілдері болуда. Жұмысшылар жалақының арттырылуын талап етуде. Ереуіл жасаушыларға ағаш өңдеу өнеркәсібінің жұмысшылары, электршілер және басқа да көптеген өндіріс салаларының 10 мың жұмысшысы қосылған.

«Импrensa популар» газетінің жазуына қарағанда, Сан-Паулодағы тоқыма және

ФРАНЦИЯДА ПРОГРЕСШІЛ ҚАИРАТКЕРЛЕРДІ ҚУДАЛАУ ПАРИЖ, 6 апрель. (СОТА). «Юмани-те» газеті 5 апрельде полиция Сотвиль-ле-Руан қаласының мэрі коммунист Боннафе-

ФИЛИППИДАҒЫ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ ШАНХАЙ, 5 апрель. (СОТА). Маниль радиосының хабарына қарағанда, Филиппин армиясының штабы мартта үкмет әс-

ТАЙБЭИДЕГІ ОҚ-ДӘРІ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЖАРЫЛУЫ

ПАРИЖ, 6 апрель. (СОТА). Париж радиосының хабарына қарағанда, Тайбэиде (Тайвань) оқ-дәрі қойған қойма жарылған. Алдың ала алынған мәліметке қарағанда, 100 ден артық кісі қаза тапқан.

металлургия кәсіпорындарының барлық жұмысшыларының 93 проценті ереуілге қатысуда. Ереуіл жасаушылардың жалпы саны 200 мың адамнан асып кеткен. Ереуілшілер өткізіп отырған ереуілдер мен демонстрацияларды, митингілерді тұншықтыру үшін үкмет полицияны, азаматтық гвардияны, атты әскерлерді және басқа әскери бөлімдерді пайдалануда. Ереуілге қатысушылардың полициямен көптеген рет соқтығысуының нәтижесінде 40 кісі жараланған. Полиция 62 адамды тұтқынға алған.

ҚАИРАТКЕРЛЕРДІ ҚУДАЛАУ ПАРИЖ, 6 апрель. (СОТА). «Юмани-те» газеті 5 апрельде полиция Сотвиль-ле-Руан қаласының мэрі коммунист Боннафе-

ФИЛИППИДАҒЫ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ ШАНХАЙ, 5 апрель. (СОТА). Маниль радиосының хабарына қарағанда, Филиппин армиясының штабы мартта үкмет әс-

«АЛЬ-МЭСРИ» ГАЗЕТІНІҢ ХАБАРЫ

КАИР, 5 апрель. (СОТА). «Аль-Мэри» газетінің хабарына қарағанда, Египеттің министрлер советі соғыс жағдайын енгізу туралы заңның күшін тағы бір жылға созуды ұйғарған.

редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында
Бүгін және күн сайын
«АННА КАРЕНИНА»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында
Бүгін және күн сайын
«ТИГР АҚБАР»
Сеанс сағат 4-те басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын Солтүстік Қазақстан облыстық мекеме «Главкаргандашахстройда», Қазақтың металлургия құрылысында, Қарағанды су электр станциясы құрылысында, Балқаштың мыс балқыту заво- дында жұмыс істеу үшін шоферлер, металлургия цехында істеу үшін формов- шиктер, жүк тиеушілер, тәжірибелі ағаш шеберлері, пеш салушылар, қаныл- тыршылар, экскаватор машинистерінің көмекшілерін, вагон ағытушылар, жер қазушылар және түрлі жұмыстарға жұмысшылар қабылдайды.

Шарт жасасқан жұмысшыларға қайтарылмайтын жәрдем, жолда жүрген күндеріне тәуліктің ақы төленеді, өзіне және семья мүшелеріне тегін темір- жол билеті беріледі.

Жұмыс істейтін жеріне барғаннан кейін пәтер үймен жеке бастылар жа- тақханамен қамтамасыз етіледі.

Жұмысқа қабылдау жөнінде Петропавл қаласында Папанин көшесі, 98- үйге келіп, селолық жерлерде аудандық Совет атқомдеріне келіп, ұйымдас- қан түрде жұмысшылар алатын өкілдерден түсінік алуға болады.

Облыстық газеттер баспасына түп кілікті жұмысқа жүк тиеушілер КЕРЕК.
Еңбекақы смета бойынша төленеді. Жұмысқа кірем деушілердің Петропавл қаласы, Петренов көшесі, 92- үйге келіп түсінік алуларына бола- ды.

Петропавл элеваторына электриктер және құрылысшы- техниктер КЕРЕК.
Адрес: Осипенко көшесі, 2 үй, кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.